

# ЗИГМУНД ФРЕЙД ЖӘНЕ ТҰЛҒА ТЕОРИСЫ

ОРЫНДАҒАН: УТЕГАЛИЕВА ГҮЛДАНА АСҚАРҚЫЗЫ

ПСИХОЛОГИЯ 19.629 ТОП

ТЕКСЕРГЕН: ЕСИМГАЛИЕВА ТІЛЕКШІ МАҚСОТҚЫЗЫ

**МАҚСАТЫ:** ЗИГМУНД ФРЕЙДТІҢ ПСИХОЛОГИЯ  
БАҒЫТЫНДАҒЫ ПСИХОДИНАМИҚАЛЫҚ ЖӘНЕ  
ПСИХОАНАЛИТИКАЛЫҚ ТЕОРИЯЛАРЫНЫҢ ЖЕКЕ ТҰЛҒА  
ПСИХОЛОГИЯСЫНДАҒЫ АЛАТЫН ОРНЫ ЖӘНЕ ТҮСІНІК  
БЕРУ.

**МІНДЕТІ:** ЗИГМУНД ФРЕЙДТІҢ «МЕН» ДЕП АТАЛАТЫН ҮШ  
ҚҰРЫЛЫМЫНА ТОЛЫҚ АНЫҚТАМА БЕРУ.

# ЖОСПАР

I. КІРІСПЕ


II. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

1.1 МЕННІҢ ҮШ КОНЦЕПЦИЯСЫ

III. ҚОРЫТЫНДЫ

IV. ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

## КІРІСПЕ



Австриялық дәрігер психолог Зигмунд Фрейд 1856 жылы 6 мамырда [Фрейбург](#) қаласында, қарапайым тері сатушының отбасында дүниеге келеді.

[1860 жылы](#) Фрейдтер отбасы [Венаға](#) көшеді. 83 жыл өмірінің 80 жылын Зигмунд осы қалада өткізеді. Үлкен отбасында 8 бала болды, бірақ Зигмунд өзінің алғырлығымен, таңқаларлық ақылымен, кітапқа деген құмарлығымен ерекшеленді. Сол себепті оған ата-анасы жақсы жағдай жасауға тырысты. Сабақ орындау барысында оған ешкім кедергі жасамау мақсатында, Зигмунд әрқашан керосинді шаммен оқитын, ал басқа балалары шам арқылы оқитын. 17

жасында [гимназияны](#) өте жақсы аяқтап, әйгілі [Вена университетіне](#) оқуға тапсырады

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

3. Фрейд тұлға туралы психологиялық ілімге маңызды ықпал жасаған 3 компоненттен тұратын моделін жасап, оларға терминдік атау берген:

«ИД» (ол), «ЭГО» (мен), «СУПЕР ЭГО» (жоғарғы мен)



— ИД — инстинктерді тасымалдаушы: ол санадан тыс және иррационалды бола тұрып, рахаттану ұстанымына бағынады.

-ЭГО — шынайылық ұстанымына бағынады, сыртқы әлемнің ерекшеліктерін, оның қасиеттері мен қатынастарын ескереді.

— СУПЕР-ЭГО — рухани стандарттарды тасымалдаушы. Бұл сыншы және цензор рөлін атқаратын тұлға бөлігі.

«ОЛ» (Ид-Оно) – Абай өз философиясында бұл түсінікті «Менікі» терминімен береді - психиканың бейсаналық бөлігі, биологиялық тума инстинкті құмарлықтардың (агрессивті және сексуалды) бұрқанысты ошағы. «ОЛ» «либидо» деп аталатын сексуалды энергиямен қаныққан. Адам – тұйықталған энергетикалық жүйе, әр адам бойындағы күш-қуат – тұрақты шама. Бейсаналылығынан әрі ақыл өлшеміне келмейтіндігінен (иррационал) «ОЛ» қанағат алу (рахаттану) принципіне бағынады, яғни адам өмірінің басты мұраты – рахат және бақыт осы инстинкттен.

«МЕН»(Эго-Я) – инстинкті «Ол» талаптарын үздіксіз шынайылық (реальность) принципі негізінде орындап баруға ұмтылады. «МЕН» адам бойында бейсана және ашық сана күйінде бірдей орын иелейді. «МЕН» деңгейі инстинкті «ОЛ» - мен ұдайы тайталаста болып, адамның сексуалды құмарлықтарын басып отырады. «МЕН» үш ықпал әсеріне: «ОЛ», «ЖОҒАРЫ МЕН» және өз талаптарына бағындыруды көздеген қоғамға – тәуелді келеді. «МЕН» аталғандар арасында үйлесімділік орнатуға ат салысады, бірақ рахаттану принципін басты мақсат тұтпай, болмыс шындығымен жүргенді қалайды.



«ЖОҒАРЫ МЕН» (Супер – эго, сверх - я) – ата-аналар және қоғамдық мораль ықпалдарының иесі. Бұл құрылым бала өмірінің барысында қалыптасып, сол бала жынысына тектес ересек туысқан болмысына ұқсап дамиды. Ұқсау не сәйкестену (идентификация) желісінде ер балаларда «Эдип комплексі», ал қыз балаларда «Электра комплексі» қалыптасады. Бұл комплекс түрлері баланың сәйкестену нысанына (әке не ананың біреуіне) болған екі ұшты, бірі-біріне қайшы толғаныс (жақсы көру мен жек көру) сезімдерінен құралады. Тұлға «Мені» сыртқы дүниені анықтайды. «Ол» (эго) және Жоғары МЕН (супер эго) көбіне өзара сиыспайтын талаптар қояды. Мұндай жағдайларда «МЕН» күшті ықпалдарға тап болып, оны «үрей» билейді. «Мен» осы үрейге қарсы ерекше тосқауылдар – психологиялық қорғаныс тетіктерін іске қосады.

Егер ЭГО ИД-қа тиімді, ал СУПЕР-ЭГО-ға қарсы әрекет жасаса немесе шешім қабылдаса, ол өзін кінәлі сезініп, ұялып, өзін-өзі жазалайды.

ЭГО-ға қоятын әр түрлі инстанциялардың—ИД және СУПЕР-ЭГО — талаптары ұқсамайтындықтан, ол үнемі келіспеушілікте болады. Мұндай жағдай төзгісіз күштеу тудырады.

Бұл күштеуден ЭГО арнайы «қорғаныс механизмдері»— ығыстыру, сублимация және т.б. арқылы құтылады.

**СУПЕР ЭГО**

```
graph TD; A[СУПЕР ЭГО] --- B[ЫҒЫСТЫРУ]; A --- C[СУБЛИМАЦИЯ]
```

**ЫҒЫСТЫРУ**

**СУБЛИМАЦИЯ**

## ЫҒЫСТРУ

тұлға қабылдамайтын,  
белсенді  
құбылыстарды жою

## СУБЛИМАЦИЯ

ТИЫМ  
салынған жыныстық қуаттың  
басқа әрекет  
түрінде шығу механизмі

## Либи́до

- **Либи́до** (лат. *libido* - тілек, ынтығу) - Фрейдтің психоанализнің, психикалық энергияның негізгі гипотетикалық түрі - әуестену күшін білдіретін негізгі түсініктерінің бірі. Ол жыныстық ынтықтық не жалпылай алғанда, өмірге, платонның Эросына жақын оның көріністеріне ынтықтық дегенді білдіреді. К. Юнг бұл түсінікті адам өміріндегі қиындықтар мен бөгеттерді жеңуге арналған психикалық энергия, ерікжігер деп кеңейтті

## Эдип комплексі

- Тұжырымдама сол жыныстағы ата-анасының қарай қарама-қарсы жынысты және амбивалентными (амбивалентными) сезім ата-ана үшін бейсаналық немесе саналы жыныстық ниет білдіретін, психоанализ Зигмунд Фрейд енгізілді. Эдипов кешені жалпы мағынада имманентной, тиісті биполярлық келісімді, баланың ата-анасының жалпыға бейсаналық эротикалық тартуды білдіреді. Бұл тұжырымдама психоаналитическая теориясы кілті болып табылады.

- Фрейд адамның психологиялық өмірі туған соң басталады деп санайды, ал жаңа туған сәбиді ол «*tabula rasa*» (таза тақта) деп атайды. Кейде ол организмнің анықталмаған бейімділігі туралы, тіпті адамның түс көруі мен қиялында орын алатын филогенездік сипаттағы, өзіне тән архаикалық еске түсірулер туралы айтады. Фрейд психикалық процесстер динамикасында инстинкті құмарлықтар шешуші рөл атқарады деп санайды. Оларды Фрейд психикалық және тәндік аймақтарды байланыстыратын күштер ретінде қарастырады.
- Ол жыныстық құштарлықтар мен эгоның жыныстық емес, өзін-өзі қорғау инстинктілері кіретін бастапқы дуализм туралы идеяны алға тартты. Ол жыныстық инстинкт — либидоға көп көңіл бөледі. Ол жыныстық құмарлықтың бастауы балалық шақта жатқандығын байқады. Фантазия адам бойындағы агрессивтілікті жеке инстинкт деп қарастырады. Оның бастауы сүйек еттерінде жатыр, ал оның мақсаты — талқандау.

- Кейінгі еңбектерінде Фрейд екі түрлі инстинктер бар деген болжамды алға тартты: олардың бірі тіршілікті сақтауға бағытталса, енді бірі тіршілікке қарсы әрекет етеді, оны неоорганикалық күйге қайтаруға талаптанады. Оның түпкілікті қорытындылары «Психоанализ очерктері» еңбегіндегі баяндалған өлім инстинктінің рөліне қатысты. Мұндағы махаббат инстинкті (эрос) мен өлім инстинктінің (танатос) дихотомиясы психоанализ теориясының басты тақырыбына айналды.
- Психоаналитикалық теориясын оның шәкірттері мен ізбасарлары: А. Адлер, В. Раих, О. Ралк, К.Г. Юнг, Ш. Френчи т.б. қабылдап, кейіннен оған түзетулер енгізді.
- Психоаналитикалық теорияны ХХ ғ. «ғылыми мифологиясы» деп атайды. Өйткені оның өкілдері мифологиялық материалдармен жұмыс істеді. Психоаналитикалық теория миф, ритуал, дін т.б. мәдениет аспектілерін мәдениеттанулық зерттеудің құрамдас бөлігіне айналды. Көптеген көркем шығармашылық тұжырымдары астынсананың психоаналитикалық теориясына негізделді. Олар адам әрекетінің осы саласындағы түс көрудің, фантазияның, интуиция мен еркін ассоциациялардың айырықша рөлін негіздеуге талпынады.

# ҚОРЫТЫНДЫ

- Фрейд адам психикасын Өз (It), Мен (Ego), Жоғары Мен (Superego) сынды үш бөліктің өзара байланысы арқылы түсіндіреді. Астынсана өткеннен мұраланған психиканың терең қабаты ретінде көрініс табады. Оның қойнауында адамның жасырын жан сезімдері, құмарлығы мен ынта-қалауы ұялаған. Бұл құрылым «ләззаттану ережесін» басшылыққа алады. Фрейд оны It (өзі, нәрсеге қаратылатын ол мағынасында, "Өз" деген сөз жақын келеді) деп атап, «қайнаған құмарлықтардың қазаны» деп бағалайды. Адамның саналы Мені — Өз бен (Астынсана) қоршаған дүние арасындағы делдал рөлін ойнайды. Бұл құрылым «шынайылық ережесін» басшылыққа алады, оның мақсаты — адамның астынсанасына қызмет көрсету. Адам Мені Өзді өзіне бағындыруға тырысады, алайда кейде Өздің ықпалында болады. Жоғарғы Мен орындалуды, мәдени тиым салуларды бейнелейтін тәрбиелік, этикалық, адамгершіліктік, діни, рухани сананы көрсетеді. Жоғарғы Мен ұят ретінде, немесе астыртын күнә сезімі ретінде адам Меніне үстемдік етуі мүмкін



## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

<https://kk.m.wikipedia.org/>

<https://oilay.kz/>

<https://bigox.kz/frejdizm/>

«ӘЛЕУМЕТТІК ПСИХОЛОГИЯ» Ақатаева. Б

«ЖАЛПЫ ПСИХОЛОГИЯ» Сәбет Баб-Баба